# Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 14 мамырдағы № 116 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына сәйкес, Мойынқұм ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Актас Энерджи" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы аумағындағы шаруашылық субъектілерінің жерлерінен 35 кВ ВЛ салу және қызмет көрсету үшін жалпы алаңы 553,4874 гектар жер учаскесінде 49 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Актас Энерджи" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне әуе желісінің құрылысын жүргізуден келтірілген шығынды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін және әуе желісінің құрылысын жүргізу жұмыстары аяқталғаннан кейін бүлінген жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы* *К. Толеубеков*

Аудан әкімдігінің 2026 жылғы
" 14 " мамырдағы №116
қаулысына қосымша

## 35 кВ ВЛ салу және қызмет көрсету үшін

| Жер учаскесін бөліп беру шекараларында беріледі, барлығы | | Оның ішінде: | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | егістік | Жайылым | Шабындық | Басқалар |
| "Актас Энерджи" 06-093-037-022 | 15,4378 | | | | 15,4378 |
| Тлеулиева Толкын Турсыновна 06-093-037-007 | 14,3763 | | 14,3763 | | |
| Султанов Галымбек | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Турарович 06-093-037-006 | 36,3261 | | 36,3261 | | |
| Жер қоры | 467,3472 | | | | 467,3472 |
| Барлығы: | 533,4874 | | 50,7024 | | 482,7850 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК